

Қазақстан Республикасынан Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын, атыс қаруын, оның негізгі бөліктерін, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды беру тәртібі туралы хаттаманы іске асыру бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыратын құзыретті органдарды белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 52 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

2017 жылғы 11 қазанда Сочиде жасалған Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелер болып табылатын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын, атыс қаруын, оның негізгі бөліктерін, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарғыш құрылғыларды беру тәртібі туралы хаттаманың (бұдан әрі - Хаттама) 5-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы - қылмыстық істі беру кезінде заттай дәлелдемелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің Экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету шеңберінде заттай дәлелдемелер бойынша Қазақстан Республикасынан Хаттаманы іске асыру бойынша өкілеттіктерді жүзеге асыратын құзыретті органдар болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 22.07.2019 № 74; 20.02.2021 № 515; 26.08.2025 № 975 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев